

## «РҒБО» АҚ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі 2025 жылдың қорытындысын шығарды

Автор - Нургалиева Сара Кабиевна

Аудармашы - Алуа Сарбалина

Күн: 25.02.2026



2026 жылдың 25 ақпанында комплаенс офицер Боран Дюсенов «Ақкөл» ҒБО қызметкерлерімен кездесу өткізіп, онда ол 2025 жылы «РҒБО» АҚ-да сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жұмыстарының нәтижелерін және 2026 жылға арналған жоспарларды талқылады.

2024 жылға және 2025 жылдың бес айына жүргізілген аудит нәтижелері бойынша акционерлік қоғамның қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді. Бүгінгі таңда бес ескерту (сыбайлас жемқорлыққа қатысы жоқ) мен ұсынымдардың төртеуі қарастырылды, ал біреуі орындалу үстінде деп атап өтті комплаенс офицер.

2025 жылы Б. Дюсенов орталық аппараттың, «Ақкөл» және «Көктерек» ҒБО қызметкерлерімен, сондай-ақ Басқарма мүшелерінің, департаменттер мен бөлім басшыларының



қатысуымен төрт кездесу өткізді. Комплаенс қызметі «РҒБО» АҚ қызметкерлерімен ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің өкілі полковник Ж. Жылқышиева, ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің қызметкері А. Қадырбаев арасында кездесулер ұйымдастырды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, қызметкерлердің декларацияларын уақтылы тапсыру, нормативтік-құқықтық құжаттарды қарау және акционерлік

қоғамның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметі салаларында Қоғамның бизнес-процестерін жетілдіруге қатысты мәселелер талқыланды.

Есепті кезеңде комплаенс офицер «РФБО» АҚ Басқармасына квазимемлекеттік сектор субъектілерімен жасалған азаматтық-құқықтық шарттарға, соның ішінде сатып алу шарттарына қосу үшін бірқатар ұсыныстар жіберді, онда шарт тараптарының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы, іскерлік этика мен адалдықты, сондай-ақ ерікті бәсекелестік қағидаттарын міндетті түрде сақтауы көзделген.

Акционерлік қоғам қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің ішкі талдауын қарау нәтижелері бойынша Басқарма төрағасымен кездесу өткізілді, оның қорытындысы бойынша «РФБО» АҚ сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижесінде анықталған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою бойынша іс-шаралар жоспары бекітілді.

Сондай-ақ, комплаенс офицер акционерлік қоғамда 2025 жылға арналған №4 СНБ (стандартты негізгі бағыт) жобасын іске асыру бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы ақпарат берді. СНБ мәні мынада: лауазымды тұлғаларға мүдделер қақтығысы болған жағдайда өздерінің қызметтік міндеттерін орындауға тыйым салынады. Акционерлік қоғамда басқарушылық функцияларды атқаратын тұлғалар мүдделер қақтығысының алдын алу және шешу шараларын қабылдауы тиіс.

Қоғам сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмысты, соның ішінде сыбайлас жемқорлық сипаттағы ақпараттың болуын ашық дереккөздерден бақылау, қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары/қылмыстары бар-жоғын тексеру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың сақталуы сияқты жұмыстарды үздіксіз жүргізеді.

Кездесуге қатысушылар комплаенс офицерге сұрақтар қойып, бизнес-процестегі жұмыс пен өзара әрекеттесуді қалай жақсартуға болатыны туралы жауаптар алды. Қорытындылай келе, Б.Дюсенов сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптарды түсіндіру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, іскерлік этика кодексін және корпоративтік басқаруды қалыптастыру үшін 2026 жылы жұмысшылармен кездесулер жоспарланғанын атап өтті. Акционерлік қоғамның қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау 2026 жылдың мамыр-маусым айларында да жоспарланған.



## Антикоррупционная комплаенс-служба АО «РЦКС» подвела итоги 2025 года

Автор - Нургалиева Сара Кабиевна

Дата: 25.02.2026



Комплаенс офицер Боран Дюсенов 25 февраля 2026 года провел встречу с коллективом ЦКС «Акколь», где рассказал об итогах работы по предупреждению коррупции в АО «РЦКС» в 2025 году и планах на 2026 год.

По итогам проверки за 2024 год и пяти месяцев 2025 года был проведен внутренний анализ по коррупционным рискам в деятельности акционерного Общества. На сегодняшний день из пяти замечаний (не коррупционного характера) и рекомендаций устранено четыре пункта, один в стадии исполнения, отметил комплаенс офицер.

В течение 2025 года Б. Дюсенов провел четыре встречи с работниками центрального аппарата, ЦКС «Акколь» и «Коктерек» с участием членов Правления, руководителей департаментов и управлений. COMPLIANCE-службой были организованы встречи работников АО «РЦКС» с представителем Агентства РК по противодействию коррупции, полковником Ж.Жылкышиевой, работником налогового комитета Министерства финансов РК А.Кадырбаевым. Были обсуждены вопросы улучшения бизнес-процессов Общества в во-

просах противодействия коррупции, своевременного представления сотрудниками декларации, изучения нормативно-правовых документов и организационно-управленческой деятельности акционерного общества.

В течение отчетного периода комплаенс офицером в адрес Правления АО «РЦКС» был направлен ряд рекомендаций для включения в гражданско-правовые договоры, заключаемые субъектами квазигосударственного сектора, в том числе



договоры о закупках положений, предусматривающее обязательное соблюдение сторонами договора норм антикоррупционного законодательства, деловой этики и добропорядочности и принципов добровольной конкуренции.

По итогам проверки внутреннего анализа по коррупционным рискам в деятельности акционерного Общества было проведено совещание у Председателя Правления, по итогам которого был утвержден план мероприятий по устранению причин и условий, способствующих совершению коррупционных правонарушений, выявленных по результатам внутреннего анализа коррупционных рисков АО «РЦКС».

Также комплаенс-офицер проинформировал о проводимой работе в акционерном Обществе по реализации проекта ТБН (типовое базовое направление) №4 за 2025 год. Суть ТБН - должностным лицам запрещается осуществлять должностные обязанности, если имеется конфликт интересов. Лица, исполняющие управленческие функции в акционерном Обществе, должны принимать меры по предотвращению и разрешению конфликта интересов.

В Обществе на постоянной основе проводится работа по противодействию коррупции, в том числе мониторинг на наличие в открытых источниках информации коррупционного характера, проверка работников на совершение коррупционных правонарушений/преступлений, соблюдение антикоррупционного законодательства.

Участники встречи задали вопросы комплаенс офицеру и получили ответы по улучшению работы и взаимодействию бизнес-процесса. В завершении Б. Дюсенов отметил, что в 2026 году запланированы встречи с трудовым коллективом по вопросам разъяснения требований в области противодействия коррупции, формирования антикоррупционной культуры, кодекса деловой этики, корпоративного управления. Также в мае-июне месяце 2026 года намечено проведение внутреннего анализа по коррупционным рискам в деятельности акционерного Общества.

